

## **Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы**

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 160 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 мамырдағы N 691 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009.05.12 N 691 Қаулысымен .**

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 490-I Z990490\_ Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары салалық және аймақтық әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды әзірлеу кезінде осы Тұжырымдаманы басшылыққа алсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1                      ж ы л ғ ы                      3 1                      қ а ң т а р д а ғ ы

N 160 қаулысымен мақұлданған

## **Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған тұжырымдамасы**

### **Кіріспе**

Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) Қазақстан Республикасының "Дене шынықтыру және спорт туралы" 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 490-I Z990490\_ Заңына сәйкес әзірленді және ол Қазақстан

Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың негізгі бағыттарын айқындайды.

"Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың 1996-2000 жылдарға арналған мемлекеттік U963276\_ бағдарламасын" іске асыру нәтижесінде елімізде дене шынықтырумен және спортпен айналысатындардың саны 24,1 пайызға өсіп, 1035868 адамды құрады.

Павлодарда, Шымкентте, Өскеменде, Петропавлда, Степногорда, Қызылордада спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттар ашылып, қазіргі уақытта оларда 2385 болашағы бар жас спортшы спортпен шұғылдануда. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің саны арта түскені байқалды. Қазіргі уақытта республикада 116687 оқушысы бар 271 спорт мектебі жұмыс істейді.

Жалпы білім беретін мектептердің оқу күнінің режиміне денсаулық сағаттары, қозғалыс үзілістері, "дене шынықтыру үзілістері", "дене шынықтыру минуттары" енгізілген. Жалпы білім беретін мектептерде дене шынықтыру бойынша аптасына үшінші сабақ енгізілуде. Республикада ведомстволық жарыстар мен спартакиадалар өткізу ісі басталды. Энергетиктердің, металлургтардың, темір жол көлігі қызметкерлерінің республикалық спартакиадалары кеңінен тарай бастады, оқушылар спартакиадаларын, студенттік универсиадалар, мемлекеттік қызметшілердің спартакиадаларын өткізу қайта жанданды. Халықтың дене дайындығына президенттік сынамалар енгізу жөнінде жұмыс жүргізілуде, Президенттік көпсайыстың қысқы және жазғы түрлері бойынша тұрақты түрде республикалық жарыстар өткізіледі.

Халықтың әртүрлі жіктерін дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға тарту, спорт ғимараттарына халықтың қол жеткізуін қамтамасыз ету, дене шынықтыру мен спортты дамытуды тиісті қаржылық, материалдық-техникалық, кадрлық, ғылыми-әдістемелік, медициналық, ақпараттық, нормативтік құқықтық базасын жасау арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру принциптері Тұжырымдаманың негізіне алынды.

## **1. Проблеманың қазіргі жай-күйіне қысқаша сипаттама**

Белгілі бір оң нәтижелеріне қарамастан, дене шынықтыру мен спортты дамытуда елеулі проблемалар орын алып отыр.

Дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарының, дене шынықтыру және спорт мамандарының, спорттық-туристік мақсаттағы тауарлардың жетіспеушілігі өткір сипатта.

Ұйымдар мен мекемелерде, сондай-ақ халықтың тұрғылықты және демалыс орындарында дене шынықтыру-сауықтыру және профилактикалық жұмыстар

тиісті деңгейде жолға қойылмаған.

Жұмыс істеп тұрған дене шынықтыру-спорт базалары мен спорт ғимараттары барынша толық және үздіксіз жұмыс істегенде халықтың тек 20 пайызының шұғылдануын қамтамасыз ете алады, ал дене шынықтыру мамандарының жетекшілігімен шұғылдану мүмкіндігі халықтың тек 12-15 пайызында бар. Халықаралық деңгейдегі спортшыларды даярлау үшін қажетті жағдай жасалмаған. Ғылыми-зерттеу және ғылыми спорт базасы, қазіргі заманғы спорттық медициналық орталық, сапалы допингке қарсы қызмет, олимпиадаға даярлаудың кешенді орталықтары жоқ.

Жалпы, орта білім беретін ұйымдардың оқушыларына арналған дене шынықтыру жөніндегі оқу сабақтарының көлемі ғылыми негізделген нормативтерден 3-4 есе төмен.

Балалар-жасөспірімдер спорт мектептері мен балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлығы клубтарының қолда бар желісі балалар мен жасөспірімдердің дене шынықтыру және спорт жаттығуларына деген мұқтажын қанағаттандырмайды, мектеп жасындағы балалардың тек 7%-нің ғана балалар-жасөспірімдер спорт мектептеріндегі сабақтарға қатысу мүмкіндігі бар.

Осыған байланысты, халық арасында бұқаралық спортты дамыту мен дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын жандандыру жөнінде нақты шаралар қабылдау талап етіліп отыр.

## **2. Тұжырымдаманың негізгі мақсаттары мен міндеттері**

Тұжырымдаманың негізгі мақсаты - "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының Z990490\_ Заңын іске асыру, дене шынықтыру мен спорт құралдары арқылы қоғамда салауатты өмір салты қағидаттарын енгізу, халықаралық спорт алаңында Қазақстан Республикасының жоғары спорттық беделін орнықтыра алатын тиімді, пәрменді шаралар кешенін әзірлеу.

Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

1) дене шынықтырудың және спорттың материалдық-техникалық базасын нығайту мен дамыту, спорт ғимараттарына халықтың қол жеткізуін қамтамасыз ету ;

2) денсаулық жағдайын жақсарту және спорттық резервті даярлау мақсатында балалар-жасөспірімдер спортын дамыту, балалар мен жасөспірімдерді спорт секцияларындағы және балалар-жасөспірімдер спорт мектептеріндегі сабақтарға тарту ;

3) оқушылар мен студенттерді оқыту процесінің міндетті үлгісі ретінде дене тәрбиесін қамтамасыз етудің әдістемелік бағдарламасын әзірлеу, дене шынықтырудың кәсіптік-қолданбалы кешенін, дене шынықтыру-сауықтыру және

спорттық қызметтің жаңа түрін енгізу;

4) халықпен жұмыс істеуге бағытталған дене шынықтыру-спорт бірлестіктері және спорт клубтарының жұмысын жандандыру;

5) кәсіптік, қолданбалы, халық және ұлттық спорт түрлерін дамыту;

6) спорттық резервті және халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау.

### **3. Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру және спортты дамытудың негізгі бағыттары**

Дене тәрбиесі және халыққа білім берудің міндеттерін шешу барысында мемлекеттің қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайы, республика аймақтарының климаттық және жағрапиялық ерекшеліктері, жеке адамның дене ерекшеліктері мен еңбек қызметінің сипаты, сондай-ақ адамның денесінің жетілуі мен жоғары жетістіктер спортын дамытудың келешегі ескерілуі тиіс.

Халықтың дене тәрбиесін қайта құру және оңтайландыру процесі мынадай бағыттарда жүзеге асырылуы тиіс:

денсаулықты нығайтуды, қажетті ширақ қимыл-қозғалысты қалыптастыруды қамтамасыз ететін мектепке дейінгі және мектептегі орта және жоғары кәсіптік білім беруде дене шынықтыру сабақтарын жетілдіру;

еңбек және демалысты ұйымдастыру жүйесіне жұмыс берушілер мен еңбек ұжымдарының арасындағы ұжымдық шарттар арқылы дене шынықтыру мен спортты енгізу; кәсіптік қызметті, жас ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіптік-қолданбалы спорт түрлерін енгізу;

белсенді өмір сүру жасын ұзарту, еңбекке жарамсыз азаматтарды дене шынықтыру жаттығуларына тарту мақсатында егде жастағы адамдардың қимыл-қозғалысының ширақтығының режимін оңтайландыру үшін дене шынықтыру және спорт құралдарын тиімді пайдалану жөнінде шаралар әзірлеу;

халықтың мүдделерін кеңінен ескеретін халқы аз елді мекендердегі дене шынықтыру-сауықтыру жұмысы орталықтарында, диспансерлік және консультативтік қызметтерде дене шынықтыру-сауықтыру топтарын, секцияларын, спорт клубтарын, денсаулық орталықтарының желісін ұйымдастыру;

жастарды кәсіптік бағдарлап даярлау және жасөспірімдерді Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріндегі қызметке дайындау мақсатында техникалық және қолданбалы спорт түрлерін дамыту;

мүгедектер арасында оларды оңалту және қимыл-қозғалысының ширақтығын арттырудың бірден бір құралы ретінде дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын ұйымдастыру;

ұлттық спорт түрлері және халық ойындарын дамыту, оларды қазіргі заманғы

дене тәрбиесі жүйесіне енгізу;  
халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлаудың негізгі буыны ретінде облыс орталықтарында спорт түрлері бойынша спорт клубтарын ұйымдастыру;  
республика ұлттық құрама командаларын әлем, Азия чемпионаттары, Олимпиада және Азия ойындарын қоса алғанда халықаралық жарыстарға, басқа да халықаралық кешенді спорт жарыстарына даярлау және қатыстыру;  
дене шынықтыру және спорт кадрларын даярлау және қайта даярлау;  
балалар-жасөспірімдер спорт мектептері мен спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар желісін дамыту;  
спорттық резерв пен халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау;  
дене шынықтыру және спорттың материалдық-техникалық базасын дамыту;  
халықты ақпараттық қамтамасыз ету;  
саланың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру.

Таяудағы бес жыл ішінде мектеп жасына дейінгі балаларға отбасында, жалпы , орта бастауыш орта кәсіптік білім ұйымдарының оқушыларына, жоғары кәсіптік оқу орындарының студенттеріне арналған дене тәрбиесі жөніндегі әдістемелік оқу құралдары мен оқулықтарды әзірлеу және көпшілік таралыммен шығару жөніндегі жұмыстарды жүргізу қажет. Қазақстан спортшыларының кәсіптік шеберлігін арттыру мақсатында 2002 жылдан бастап жоғары жетістіктер спорты саласында әртүрлі жастағы және спорт түрлеріндегі спортшылармен оқу-жаттықтыру процесін теориялық және әдістемелік қамтамасыз етуді қамтитын ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру көзделіп отыр.

Салауатты өмір салтының маңызды элементі ретінде соңғы уақытта халықтың спортқа қызығушылығының артуына байланысты, халық арасында дене шынықтыру және спорт құралдары арқылы сауықтыру және бастапқы оңалту жұмыстарын қамтамасыз ететін сауықтыру және оңалту орталықтарын, пункттерін, диагностика-консультациялық пункттер мен кабинеттерді ұ й ы м д а с т ы р у қ а ж е т .

Мүмкіндігінше мүгедектердің спорт объектілерінде спортпен шұғылдануы үшін барынша қолайлы жағдай жасау қажет, атап айтқанда, мүгедектер арбалары үшін ыңғайлы кіреберістер жасау, арнайы жабдықтар мен тренажерлар сатып алу , мүгедектермен жұмыс жүргізуге ерікті көмекшілерді тарту.

Республикадағы дене шынықтыру-спорт қозғалысын дамыту барысында олимпиада резервін даярлаудың аймақтық орталықтарын, спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарды, республикалық олимпиадалық спорт базаны құруға, жұмыс істеп тұрған спорт ғимараттары мен спорт алаңдарын жаңартуға және қайта қалпына келтірумен жаңадан салынып жатқан тұрғын үй кешендерінде ойын және серуен алаңдарын, жүгіруге арналған жолдарды, велосипед және шаңғы трассаларын жоспарлау мен салуға айрықша назар аудару

қажет, өйткені олар әрбір адамның спорт әлемін танып-білуі, тұратын жерінде өз бетінше дене шынықтыру жаттығуларымен айналысуға дағдылануы жолындағы алғашқы спорт объектілері болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық-насихат жұмысын жүргізбей халықты спортпен шұғылдануға тарту мүмкін емес. Осы мақсатта 2001 жылдан бастап, дене шынықтыру және спорт құралдары арқылы салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған арнаулы басылымдар, көркем бейнероликтер, плакаттар, бүктемелер, күнтізбелер, белгішелер шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қажет, ал 2002 жылы республикалық теледидардың орталық арналарының бірінен "Қазақстан спорты" хабарын эфирге шығару көзделуге тиіс.

#### **4. Осы тұжырымдаманы іске асырудың кезеңдері**

Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың Тұжырымдамасы 2 кезеңде жүзеге асырылады.

Бірінші кезеңде негізгі күш-жігер мыналарға:

1) "Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдардағы кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын " әзірлеуге және іске асыруға;

2) жергілікті бюджеттік қаражат және бюджеттен тыс көздер қаражаты есебінен балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің, олимпиадалық дайындық орталықтарының қосымша желісін ұйымдастыруға;

3) дене тәрбиесі процестерін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеуге;

4) дене тәрбиесі құралдары арқылы салауатты өмір салты қағидаттарын енгізу бағдарламасын әзірлеуге;

5) жалпы білім беретін мектептерде дене тәрбиесі бойынша аптасына үшінші сағаттық, орта кәсіптік және жоғары кәсіптік оқу орындарының 3-4 курстарында аптасына екі сағаттық сабақ енгізуге;

6) республиканың облыстарында, қалаларында, аудандарында жергілікті бюджет есебінен дене шынықтыру және спорт жөніндегі басқару органдары құрылымдарын жетілдіруге;

7) ұлттық спорт түрлері мен халық ойындарын дамытудың аймақтық бағдарламаларын жасауға;

8) дене шынықтыруды және жоғары жетістіктер спортын ғылыми зерттеумен қамтамасыз етуге;

9) халықтың көп тұратын және демалатын орындарында ең қарапайым спорт ғимараттарын салуға бағытталады.

Екінші кезеңде негізгі күш-жігер мыналарға:

1) халыққа қызмет көрсету үшін денсаулық орталықтары, дене шынықтыру-сауықтыру топтары, секциялары, диспансерлік және консультативтік қызметтер көрсетуге арналған желіні ұйымдастыруға;

2) өндірісте дене шынықтыру мен спортты енгізуге;

3) дене шынықтыру-спорт бірлестіктері мен спорт клубтарының жұмысын жетілдіруге бағытталады. Осы Тұжырымдаманы іске асыру қоғамда салауатты өмір салтын орнықтыруға, балалар мен жасөспірімдердің спортпен қамтылуының артуына жәрдемдесуге, жастардың бос уақытының ұйымдастырылуын бақылауға, жеткіншек ұрпақ арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға, халық арасында науқастану деңгейінің төмендеуіне, сондай-ақ халықаралық сахнада Қазақстан спортының беделін қолдауға қабілетті халықаралық деңгейдегі спортшыларды даярлауға жағдай жасауға жәрдемдесетін болады.